

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 1 беті

**«Балалар эндокринологиясы»
пәннің оқу жұмыс бағдарламасы**
 6В10113 «Педиатрия» білім беру бағдарламасы.

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: BE6309	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пән атауы: Балалар эндокринологиясы	1.7	Курс: 6
1.3	Реквизитке дейінгі: Амбулаторлық-емханалық педиатрия	1.8	Семестр: 12
1.4	Реквизиттен кейінгі: дайындық бейініне қарай резидентура пәндері	1.9	Кредит саны (ECTS): 3
1.5	Циклі: БНП	1.10	Компонент: МК
2.	Пәннің мазмұны (50 сөзден аспайды)		
Балалардағы ең көп таралған эндокриндік ауруларды диагностикалау және емдеуде заманауи технологияларды қолдана отырып білім қалыптастыру, науқастарды жүргізу тактикасы. Профилактика, реабилитация және пациенттерді динамикалық бақылау. Диспансерлеу. Санитарлық-ағартушылық жұмыс. Медициналық қызмет көрсету үдерістерін құжаттау. Балалар эндокринологиясы саласындағы зерттеу дағдыларын меңгеру. Коммуникативтік дағдылар және пациенттерге қолдау көрсету.			
3.	Жиынтық бағалау нысаны		
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша ✓	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау ✓	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Интерндерде дәлелді медицина және медициналық этика принциптерін сақтай отырып, эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларды диагностикалау, емдеу, алдын алу және бақылау үшін қажетті білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру			
5.	Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері		
ОН1	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларға көмек көрсету кезінде медициналық этика, деонтология және инклюзивті тәсіл принциптерін сақтайды.		
ОН2	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балалармен және олардың заңды өкілдерімен психо-эмоциялық жағдайын ескере отырып кәсіби тиімді қарым-қатынас орнатады.		
ОН3	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларды бақылау және диспансерлеу барысында цифрлық технология элементтерін (электрондық медициналық карта, лабораториялық ақпараттық жүйелер, науқастардың тіркелімдері) қолданады.		
ОН4	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларға амбулаторлық қабылдау жүргізеді, диагностика және емдеу тактикасын таңдауда дәлелді медицина принциптерін қолданады.		
ОН5	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларға ұзақ мерзімді бақылау және диспансерлік қадағалауды қамтамасыз етеді, соның ішінде реабилитациялық іс-шараларды жүргізеді.		
ОН6	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларды жедел және жоспарлы госпитализациялауға көрсеткіштерді анықтайды, жас ерекшеліктерін, клиникалық жағдайын және арнайы медициналық көмек қажеттілігін ескереді.		

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 2 беті

ОН7	Балаларға, оның ішінде эндокриндік патологияны ескере отырып, профилактикалық шаралар мен вакцинация жүргізеді және АМСК жүйесінде дәлелді ақпарат көздерін қолданады.	
ОН8	Эндокринологиялық көмек көрсететін бөлімшелерде балаларға медициналық көмек көрсету ұйымы мен басқару принциптерін қолданады.	
ОН9	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларда емдеу нәтижелерін бағалаудың қазіргі ғылыми деректерін және әдістерін қолданады, сондай-ақ дәлелді медицинаға негізделген зерттеулер жүргізеді.	
ОН10	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларды диагностикалау және емдеу кезінде медициналық ұйымдарда халық денсаулығын қорғау, санитарлық-гигиеналық режим, эпидемиологиялық қауіпсіздік және еңбекті қорғау нормаларын қолданады.	
5.1	Пәннің ОН	Пәннің ОН-мен байланысты ББ оқыту нәтижелері
ОН1 ОН2	ОН1. Этика, деонтология, инклюзия қағидаларын сақтайды; пациенттермен, олардың отбасыларымен және медициналық қызметкерлермен ақпарат алмасу мен ынтымақтастықты тиімді жүзеге асыратын тұлғааралық және коммуникациялық дағдыларды көрсетеді.	
ОН3	ОН3. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істейді, медициналық қызмет көрсету процестерін құжаттау мен денсаулық сақтау цифрландыру процестері аясында медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруды қамтамасыз етеді.	
ОН4 ОН5	ОН4. Дәлелді медицина негізінде амбулаториялық қабылдау жүргізеді, балалар арасында диагностика, емдеу, динамикалық бақылау және реабилитациялық іс-шараларды жүзеге асырады.	
ОН6	ОН5. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды жедел немесе жоспарлы түрде стационарға жатқызу көрсеткіштерін анықтайды, уақытылы және сапалы медициналық көмекті, соның ішінде авиациялық медицина және экстремалды жағдайлар медицинасының негіздерін қамтамасыз етеді.	
ОН7	ОН6. Балалар арасындағы кең таралған аурулардың алдын алуды, вакцинацияны жүргізуге қабілетті, бастапқы медициналық-санитариялық көмекті дамыту үшін ақпарат көздерін табады.	
ОН8	ОН8. Медициналық ұйымдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінде балалар денсаулығын қорғау саласындағы ұйымдастыру және басқару қағидаларын сақтайды.	
ОН9	ОН9. Ем нәтижелерін бағалау және ғылыми деректерге негізделген зерттеу жүргізу барысында ғылыми білімді қолданады.	
ОН10	ОН10. Қоғамдық денсаулықты сақтау, санитариялық-гигиеналық режим, денсаулық сақтау ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі нормалары мен қоршаған ортаның эпидемиологиялық қауіпсіздігі талаптарын сақтайды.	
6.	Пән туралы толық ақпарат	
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): «Балалар эндокринологиясы» пәні бойынша сабақтар компьютерлік құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген педиатрия-1 кафедрасында өткізіледі. Бөлімшенің орналасқан жері: Шымкент қаласы, «Облыстық балалар клиникалық	

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 3 беті

		ауруханасы» МЦПК. Нұрсат шағынауданы, Арғынбеков көшесі, 125-үй. Телефон: 8-7252 (408222) Педиатрия-1 кафедрасы Электрондық пошта мекенжайы: ped.rez@mail.ru.					
6.2	Сағат саны:	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт. сабақ	ОИӨЖ	ИӨЖ	
		--	30	-	9	51	
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер						
№	ПОҚ-ның тегі, аты-жөні		Дәрежесі мен лауазымы		Электрондық мекен-жайы		
1	Кемельбеков Қанатжан Сауханбекович		PhD, асс.проф.		Kanat-270184@mail.ru		
2	Баймаханова Бактыгуль Бимендеевна		м.ғ.к., доцент		Bakhtigul059@mail.ru		
3	Төлеуова Ақгүлім Ерболатқызы		ассистент		ai_ol_ak.83@mail.ru		
8.	Тақырыптық жоспар						
Апта/күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны		Пәннің ОН	Сағат саны	Оқытудың әдістері/технологиялары	Бағалау түрлері/әдістері
1.	Тәжірибелік сабақ. Балалардағы эндокринді жүйенің анатомиялық және физиологиялық ерекшелігі. Эндокринді жүйені тексерудің ерекшелігі. Балалардағы қант диабеті.	Балалардағы эндокриндік жүйенің анатомио-физиологиялық ерекшеліктері Балаларда эндокриндік жүйені тексерудің ерекшеліктері Балалардағы қант диабеті		ОН 1 ОН 2	4	Тақырыптық науқастарды емхана кабинеттерінде қабылдау, медициналық құжаттаманы жүргізу.	Тақырыптық науқастарды клиникалық талдауды, ауызша сұрауды бағалау.
	ОИӨЖ/ ИӨЖ Балалардағы қантсыз диабет.	Балалардағы қантсыз диабет этиологиясы мен патогенезі. Клиникалық көріністері: жиі және көп мөлшерде зәр шығару, қатты шөлдеу, дегидратация, ұйқы және тәбет бұзылыстары. Диагностика: симптомдарды талдау, лабораториялық әдістер, құралдық зерттеулер. Емдеу принциптері. Диспансерлік бақылау		ОН1 ОН3 ОН4	1/6	Тақырыптық науқасты талдау презентациясы	Тақырыптық презентацияларды бағалау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Педиатрия – 1 кафедрасы				38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы				19 беттің 4 беті

		және асқынулардың алдын алу.				
2	Тәжірибелік сабақ. Балалардағы қант диабеті 1, 2 тип. Клиникалық көрінісі және заманауи емдеу әдістері.	Балалардағы 1 және 2 типті қант диабеті Қант диабетінің клиникалық көрінісі Қант диабетін диагностикалау Заманауи емдеу әдістері Диспансерлік бақылау және асқынулардың алдын алу	ОН2 ОН3 ОН5	4	Науқастарды емхана кабинеттерінде қабылдау, медициналық құжаттаманы жүргізуді бағалау.	Науқастарды қабылдауды, медициналық құжаттаманы жүргізуді бағалау.
	ОИӨЖ/ ИӨЖ Балалардағы сирек кездесетін қант диабетінің түрлері. Балалардағы диабетикалық кетоацидоз.	Балалардағы қант диабетінің сирек кездесетін түрлері Балалардағы диабетикалық кетоацидоз: себептері, клиникасы және емдеу әдістері	ОН3 ОН4 ОН6	1/6	RBL	Ғылыми мақалаларды талдау.
3	Тәжірибелік сабақ. Балалардағы семіздік.	Балалардағы семіздік: себептері, клиникалық көріністері және түзету әдістері	ОН2 ОН5 ОН7	5	Тақырыптық науқасты талдау презентацияны дайындау, тест тапсырмаларын орындау	Тақырыптық пациенттерді клиникалық талдауды, тестілеуді бағалау
	ОИӨЖ/ ИӨЖ Балалардағы қалқанша маңы безінің аурулары.	Балалардағы қалқанша маңы безінің аурулары: этиологиясы, клиникалық көріністері, диагностика және емдеу принциптері.	ОН3 ОН6 ОН8	1/6	RBL	Ғылыми мақалаларды талдау.
4	Тәжірибелік сабақ. Балалардағы бүйрекүсті безінің қыртысты қабатының аурулары. Жедел және созылмалы гипокортицизм.	Балалардағы бүйрекүсті безінің қыртысты қабатының аурулары: жедел және созылмалы гипокортицизм, олардың этиологиясы, клиникалық көріністері, диагностика және емдеу принциптері.	ОН4 ОН7 ОН9	4	Науқастарды емхана кабинеттерінде қабылдау, медициналық құжаттаманы жүргізуді бағалау.	Науқастарды қабылдауды, медициналық құжаттаманы жүргізуді бағалау.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Педиатрия – 1 кафедрасы				38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы				19 беттің 5 беті

	ОИӨЖ/ ИӨЖ Балалардағы бүйрекүсті безінің қыртысты қабатының туа пайда болған дисфункциясы. Аралық бақылау – 1.	Балалардағы бүйрекүсті безінің қыртысты қабатының туа пайда болған дисфункциясы: себептері, клиникалық көріністері, диагностика және емдеу принциптері.	ОН2 ОН5 ОН6	2/6	RBL	Ғылыми мақалаларды талдау.
5	Тәжірибелік сабақ. Балалардағы өсудің бұзылыстары. Өсудің артта қалуының классификациялық формалары.	Балалардағы өсу бұзылыстары: өсуінің кешігуінің классификациялық формалары, себептері, клиникалық көріністері және диагностика мен емдеуге арналған тәсілдер.	ОН3 ОН7 ОН10	4	Науқастардың емхана кабинеттерінде қабылдау, медициналық құжаттаманы жүргізуді бағалау.	Науқастарды қабылдауды, медициналық құжаттаманы жүргізуді бағалау.
	ОИӨЖ/ ИӨЖ Самототропин жеткіліксіздігі.	Балалардағы соматотропин жеткіліксіздігі: себептері, клиникалық көріністері, диагностика және емдеу.	ОН1 ОН8 ОН9	1/6	RBL	Ғылыми мақалаларды талдау.
6	Тәжірибелік сабақ. Балалардағы қалқанша безінің аурулары. Гипотериоз. Гиперттериоз. Аутоиммунды тиреоидит. Диффузды токсикалық зоб.	Балалардағы қалқанша безінің аурулары: гипотиреоз, гипертиреоз, аутоиммунды тиреоидит, диффузды токсикалық зоб; этиологиясы, клиникалық көріністері, диагностика және емдеу принциптері.	ОН1 ОН3	5	Тақырыптық науқасты талдау презентацияны дайындау, ауызша сұрау	Тақырыптық пациенттерді клиникалық талдауды, ауызша сұрауды бағалау
	ОИӨЖ/ ИӨЖ Туа пайда болған гипотериоз. Қалқанша безінің түйіндік түзілімдері.	Балалардың туа пайда болған гипотиреозы және қалқанша безінің түйіндік түзілімдері: себептері, клиникалық көріністері, диагностика және емдеуге тәсілдер.	ОН2 ОН4 ОН5	1/6	СВЛ	Клиникалық жағдайларды шешу
7	Тәжірибелік сабақ. Жыныс дамудың бұзылыстары. Жыныстық жетілудің артта	Балалардағы жыныстық дамудың бұзылыстары: жыныстық жетілудің кешігуі, себептері, клиникалық көріністері,	ОН6 ОН7 ОН8	4	Науқастардың емхана кабинеттерінде қабылдау, медициналық	Науқастарды қабылдауды, медициналық құжаттаманы

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы			38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы			19 беттің 6 беті

калуы.	диагностика және емдеу принциптері.		қ құжаттаман ы жүргізу.	жүргізуді бағалау.	
ОИӨЖ/ ИӨЖ Балалардағы және жасөспірімдерегі фосфор-кальций алмасуының бұзылыстары. Аралық бақылау-2	Балалар мен жасөспірімдердегі фосфор-кальций алмасуының бұзылыстары: себептері, клиникалық көріністері, диагностика және түзету әдістері. 4-7 тақырыптар бойынша қорытынды бағалау.	ОН9 ОН10	2/6 Тестілеу	Ғылыми мақалаларды талдауды бағалау.	
Аралық аттестацияны дайындау және өткізу (пәнге берілген жалпы сағаттың 10%)			9		
9.	Оқыту әдістері және бақылау түрлері				
9.1	Дәріс	қарастырылмаған			
9.2	Тәжірибелік сабақ	Ауызша сұрау, клиникалық жағдайды шешу, пациенттерді қабылдау, медициналық құжаттаманы жүргізу, тақырыптық пациенттерді клиникалық талдау.			
9.3	ОИӨЖ/ ИӨЖ	тақырыпты презентациялау, CBL, RBL ғылыми мақалаларды талдау, тест тапсырмаларын орындау, жағдаяттық тапсырмаларды дайындау және шешу.			
9.4	Аралық бақылау	тестілеу			
10	Бағалау критерийлері				
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері				
ОН №	Оқыту нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларға көмек көрсету кезінде медициналық этика, деонтология және инклюзивті тәсіл принциптерін сақтайды.	Интерн медициналық этика мен деонтология нормаларын толық сақтайды, балалармен және олардың отбасымен қарым-қатынас жасау кезінде инклюзивті тәсілді қолданады, пациенттермен және командамен сенімді және	Интерн этика мен деонтология принциптерін аз ғана кемшіліктермен сақтайды, көптеген жағдайларда инклюзивті тәсілді қолданады, коммуникацияда сирек қателіктерге жол беріледі.	Интерн этика мен деонтология принциптерін ішінара сақтайды, инклюзивті тәсілді таңдаулы қолданады, балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста қателіктер жіберуі мүмкін, наставник бақылауын қажет етеді.	Интерн этика мен деонтология принциптерін сақтамайды, инклюзивті тәсілді қолданбайды, пациенттермен және командамен тиімді қарым-қатынас орната алмайды.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Педиатрия – 1 кафедрасы				38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы				19 беттің 7 беті

		дұрыс қарым-қатынас орнатады.			
ОН2	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балалармен және олардың заңды өкілдерімен психо-эмоциялық жағдайын ескере отырып кәсіби тиімді қарым-қатынас орнатады.	Интерн балалармен және олардың ата-аналарымен сенімді және дұрыс қарым-қатынас орнатады, жас ерекшеліктері мен психо-эмоциялық жағдайын ескереді, эмпатия мен кәсіби шеберліктің жоғары деңгейін көрсетеді, командалық жұмысты тиімді ұйымдастырады.	Интерн көбінесе балалармен және ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасайды, психо-эмоциялық ерекшеліктерін ескереді, коммуникацияда аздаған қателіктерге жол береді, наставник тарапынан минималды қолдауды қажет етеді.	Интерн балалармен және ата-аналармен ішінара дұрыс қарым-қатынас жасайды, психо-эмоциялық жағдайын әрдайым ескермейді, коммуникацияда қателіктерге жол береді, наставник тарапынан тұрақты қолдауды қажет етеді.	Интерн балалармен және олардың ата-аналарымен кәсіби қарым-қатынас орната алмайды, психо-эмоциялық ерекшеліктері ескермейді, командалық жұмыс тиімді емес.
ОН3	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларды бақылау және диспансерлеу барысында цифрлық технология элементтерін (электрондық медициналық карта, лабораториялық ақпараттық жүйелер, науқастардың тіркелімдері) қолданады.	Интерн медициналық карта жүргізу, лабораториялық деректерді талдау және науқастар тіркелімдерімен жұмыс істеу үшін электрондық жүйелерді сенімді қолданады, құжат айналымында дәлдік, уақыттылық және дұрыстықты көрсетеді.	Интерн көбінесе цифрлық құралдарды дұрыс қолданады, медициналық карта немесе тіркелімдермен жұмыс кезінде аздаған қателіктер жіберуі мүмкін, наставник тарапынан минималды қолдауды қажет етеді.	Интерн цифрлық технологияларды ішінара қолданады, құжат айналымында және лабораториялық деректермен жұмыс кезінде қателіктер жіберуі мүмкін, тұрақты наставник қолдауын қажет етеді.	Интерн медициналық картаны жүргізу, лабораториялық жүйелер мен науқастар тіркелімдерімен жұмыс істеу үшін цифрлық технологияларды пайдалана алмайды, әрекеттерін дұрыс емес және ережелерге

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы			38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы			19 беттің 8 беті

					сәйкес емес орындайды.
ОН4	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларға амбулаторлық қабылдау жүргізеді, диагностика және емдеу тактикасын таңдауда дәлелді медицина принциптерін қолданады.	Интерн амбулаторлық қабылдауды толық және өз бетінше жүргізеді, анамнезді дәл жинайды, пациенттің жағдайын объективті бағалайды, дәлелді медицинаға негізделген диагностикалық және емдеу тактикасын негіздеп тағайындайды, сенімділік пен кәсіби шеберлікті көрсетеді.	Интерн қабылдау мен диагностика жүргізеді, емдеу тактикасын таңдауда аздаған қателіктер жіберуі мүмкін, наставник тарапынан минималды қолдауды қажет етеді, дәлелді медицина принциптерін ескереді.	Интерн ішінара қабылдау және диагностика жүргізеді, тексеру немесе емдеу әдістерін таңдауда қателіктер жіберуі мүмкін, тәлімгердің тұрақты қолдауын қажет етеді.	Интерн амбулаториялық қабылдау мен диагностиканы жүргізе алмайды, дәлелді медицина принциптерін қолданбайды, әрекеттері дұрыс емес және тәлімгердің толық түзетуін қажет етеді.
ОН5	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларға ұзақ мерзімді бақылау және диспансерлік қадағалауды қамтамасыз етеді, соның ішінде реабилитациялық іс-шараларды жүргізеді.	Интерн балалардың жас ерекшеліктері мен клиникалық сипаттарын ескере отырып, динамикалық бақылауды, диспансерлік қызмет көрсетуді және реабилитациялық шараларды сауатты жоспарлап, жүзеге асырады, сенімділік пен кәсіби шеберлікті көрсетеді.	Интерн бақылау мен диспансерлік қызмет көрсетуді аздаған кемшіліктермен жүргізеді, реабилитациялық шараларды дұрыс тағайындайды, тәлімгердің минималды қолдауын қажет етеді.	Интерн бақылау мен диспансерлік қызмет көрсетуді ішінара орындайды, реабилитациялық шараларды тағайындауда қателіктер жіберуі мүмкін, тәлімгердің тұрақты қолдауын қажет етеді.	Интерн гематологиялық аурулары бар балаларға динамикалық бақылау, диспансеризация және реабилитация ұйымдастыра алмайды, әрекеттері дұрыс емес және тәлімгердің толық түзетуін қажет етеді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 9 беті

ОН6	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларды жедел және жоспарлы госпитализация лауға көрсеткіштерді анықтайды, жас ерекшеліктерін, клиникалық жағдайын және арнайы медициналық көмек қажеттілігін ескереді.	Интерн жедел және жоспарлы ауруханаға жатқызу көрсеткіштерін өз бетінше және дұрыс анықтайды, жас ерекшеліктері мен клиникалық сипаттарын ескереді, мамандандырылған көмектің қажеттілігін негіздейді, сенімділік пен кәсіби шеберлікті көрсетеді.	Интерн ауруханаға жатқызу көрсеткіштерін аздаған кемшіліктермен дұрыс анықтайды, жас ерекшеліктері мен клиникалық жағдайын ескереді, тәлімгердің минималды қолдауын қажет етеді.	Интерн ауруханаға жатқызу көрсеткіштерін ішінара анықтайды, жағдайды бағалау немесе мамандандырылған көмек қажеттілігін анықтауда қателіктер жіберуі мүмкін, тәлімгердің тұрақты қолдауын қажет етеді.	Интерн жедел немесе жоспарлы ауруханаға жатқызу көрсеткіштерін анықтай алмайды, әрекеттері дұрыс емес және тәлімгердің толық түзетуін қажет етеді.
ОН7	Балаларға, оның ішінде эндокриндік патологияны ескере отырып, профилактикалық шаралар мен вакцинация жүргізеді және АМСК жүйесінде дәлелді ақпарат көздерін қолданады.	Интерн эндокринологиялық патология ерекшеліктерін ескере отырып, профилактикалық шараларды және вакцинацияны сауатты жүргізеді, шешім қабылдауда сенімді дәлелді көздерді пайдаланады, жоғары кәсіби шеберлікті көрсетеді.	Интерн профилактикалық шараларды және вакцинацияны аздаған кемшіліктермен дұрыс жүргізеді, эндокринологиялық ерекшеліктерді ескереді, ақпарат көздерін қолдануда тәлімгердің минималды қолдауын қажет етеді.	Интерн профилактикалық шараларды және вакцинацияны ішінара орындайды, эндокринологиялық патологияны ескеру кезінде қателіктер жіберуі мүмкін, ақпарат көздерін қолдануда тәлімгердің тұрақты қолдауын қажет етеді.	Интерн профилактикалық шараларды және вакцинацияны дұрыс жүргізе алмайды, патология ерекшеліктерін және дәлелді ақпарат көздерін ескермейді, әрекеттері тәлімгердің толық түзетуін қажет етеді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 10 беті

ОН8	Эндокринологиялық көмек көрсететін бөлімшелерде балаларға медициналық көмек көрсету ұйымы мен басқару принциптерін қолданады.	Интерн балалар эндокринологиясы бөлімшелерінде ұйымдық басқару принциптерін сенімді түрде қолданады, пациенттер мен командамен жұмысты жоспарлап, үйлестіреді, жоғары жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті көрсетеді.	Интерн ұйымдық-басқару принциптерін аздаған кемшіліктермен дұрыс қолданады, тәлімгердің минималды қолдауын қажет етеді, командамен өзара әрекеттестік тиімді.	Интерн ұйымдық-басқару принциптерін ішінара қолданады, жұмысты үйлестіруде қателіктер жіберуі мүмкін, тәлімгердің тұрақты қолдауын қажет етеді.	Интерн ұйымдық-басқару принциптерін қолдана алмайды, әрекеттері дұрыс емес, командамен жұмыс тиімді емес және тәлімгердің толық түзетуін қажет етеді.
ОН9	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларда емдеу нәтижелерін бағалаудың қазіргі ғылыми деректерін және әдістерін қолданады, сондай-ақ дәлелді медицинаға негізделген зерттеулер жүргізеді.	Интерн емнің нәтижелерін бағалау үшін ғылыми деректер мен әдістерді сенімді түрде пайдаланады, эндокриндік аурулары бар балаларда зерттеулерді дұрыс және негізді жүргізеді, жоғары кәсіби шеберлікті және сыни ойлауды көрсетеді.	Интерн емнің нәтижелерін бағалау үшін ғылыми деректер мен әдістерді аздаған кемшіліктермен қолданады, зерттеулерді тәлімгердің минималды қолдауымен жүргізеді, сирек қателіктер жіберуі мүмкін.	Интерн емнің нәтижелерін бағалау үшін ғылыми деректер мен әдістерді ішінара қолданады, зерттеулерді тәлімгердің тұрақты бақылауымен жүргізеді, нәтижелерді түсіндіруде қателіктер жіберуі мүмкін.	Интерн емнің нәтижелерін бағалау үшін ғылыми деректер мен әдістерді қолдана алмайды, зерттеу жұмысы дұрыс емес, әрекеттері тәлімгердің толық түзетуін қажет етеді.
ОН10	Эндокрин жүйесінің аурулары бар балаларды диагностикалау және емдеу кезінде медициналық	Интерн санитарлық-гигиеналық, эпидемиологиялық және еңбек нормаларын толық сақтайды, оларды эндокриндік	Интерн қауіпсіздік пен санитарлық нормаларды аздаған кемшіліктермен сақтайды, сирек қателіктер	Интерн санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық нормаларды ішінара сақтайды, оларды қолдануда қателіктер жіберуі мүмкін,	Интерн санитарлық-гигиеналық, эпидемиологиялық және еңбек қауіпсіздігі нормаларын

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 11 беті

ұйымдарда халық денсаулығын қорғау, санитарлық-гигиеналық режим, эпидемиологиялық қауіпсіздік және еңбекті қорғау нормаларын қолданады.	аурулары бар балалармен жұмыс кезінде дұрыс қолданады, жоғары жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті көрсетеді.	жіберуі мүмкін, тәлімгердің минималды қолдауын қажет етеді.	тәлімгердің тұрақты қолдауын қажет етеді.	сақтамайды, әрекеттері дұрыс емес және тәлімгердің толық түзетуін қажет етеді.
---	--	---	---	--

10.2 Бағалау әдістері және критерийлері

Тәжірибелік сабаққа арналған тексеру -парағы

Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Ауызша жауап	Өте жақсы Бағаға сәйкес: А (4,0; 95 - 100%) А- (3,67; 90 - 94%)	– дәрігер-интерн сессияда көрсетілген барлық тапсырмаларды меңгерген, жауаптары толық және негізгі әдебиетке сәйкес; – тақырып бойынша нормативтік құжаттарды (бұйрықтар, клиникалық хаттамалар) біледі; – еңбекке қабілеттілікті бағалай алады және стационарлық немесе стационарды алмастыратын технологияларға көрсеткіштерді анықтайды; – аталған тақырып бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға көмек көрсету дағдыларын меңгерген; – үздіксіз өзін-өзі дамыту және білімін жетілдіруге қабілетті; психологиялық мәселелерді біледі; – интерн жауап беру кезінде қателіктерге немесе дәлсіздіктерге жол бермеді; – оқыған пән бойынша теориялар, концепциялар мен бағыттарда бағдарланады, оларға сыни баға береді және басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.
	Жақсы: В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%) С+ (2,33; 70-74%)	– дәрігер-интерн сессияда көрсетілген барлық тапсырмаларды меңгерген, жауаптары толық және негізгі әдебиетке сәйкес; – тақырып бойынша нормативтік құжаттарды (бұйрықтар, клиникалық хаттамалар) біледі; еңбекке қабілеттілікті бағалай алады және стационарлық немесе стационарды алмастыратын технологияларға көрсеткіштерді анықтайды; – аталған тақырып бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға көмек көрсету дағдыларын меңгерген; – үздіксіз өзін-өзі дамыту және білімін жетілдіруге қабілетті; психологиялық мәселелерді біледі; – дәрігер-интерн жауап беру кезінде ірі қателіктер жіберген жоқ, тек маңызды емес немесе өздігінен түзетілген кейбір дәлсіздіктер болды; – оқытушымен бірге бағдарламалық материалды жүйелеп

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 12 беті

	Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	меңгерді. – дәрігер-интерн жауап беру кезінде дәлсіздіктер мен маңызды емес қателіктер жіберді, тек оқытушы көрсеткен оқу әдебиетімен шектелді, материалды жүйелеп меңгеруде үлкен қиындықтар болды; – дәрігер-интерн силабуста көрсетілген тапсырмаларды толық меңгермеген, жауаптары толық емес; – нормативтік құжаттарды (бұйрықтар, клиникалық хаттамалар) толық білмейді; – еңбекке қабілеттілікті бағалай алмайды және стационарлық немесе стационарды алмастыратын технологияларға көрсеткіштерді анықтай алмайды; – аталған тақырып бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу және көмек көрсету әдістерін білмейді; – үздіксіз өзін-өзі дамыту және білімін жетілдіруге ұмтылмайды.
	Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24 %)	– дәрігер-интерн жауап беру кезінде маңызды қателіктер жіберді, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиетті толық меңгермеген; – пәннің ғылыми терминологиясын пайдалана алмайды, жауаптары стилистикалық ірі қателіктерге толы.
Клиникалық жағдайларды шешу	Өте жақсы: A (4,0; 95 - 100%) A- (3,67; 90 - 94%)	– науқас симптомдарын жетекші синдромға/дарға біріктіреді, күдікті нозологияны дәл болжайды; – тексеру жоспарын сауатты құрады; – дифференциялық диагнозын жүргізіп, клиникалық диагнозын негіздейді (жіктемесіне, конструкцияға сай); – шұғыл көмек көрсетеді; емдеу және реабилитация шараларын жоспарлайды; – ой өрісінің биіктігін, терең білімін көрсетіп, қажетті пәндердің ғылыми жетістерін қолданды.
	Жақсы: B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	– науқас симптомдарын жетекші синдромға/дарға біріктіруде, күдікті нозологияны болжауда бейпринципсіз қателер жіберді; – тексеру жоспарын сауатты құрады; – дифференциялық диагнозын жүргізіп, клиникалық диагнозын негіздейді (жіктемесіне, конструкцияға сай); – шұғыл көмек көрсетеді; – емдеу және реабилитация шараларын жоспарлайды, кейбір нақсыз жауаптарын өзі түзеді.
	Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	– науқас симптомдарын жетекші синдромға/дарға біріктіруде, күдікті нозологияны болжауда елеулі қателер жіберді; – тексеру жоспарын толық құрмады; – дифференциялық диагнозын жүргізе алмады, клиникалық диагнозын жіктемесіне, конструкциясына сай құрмады; – шұғыл көмек көрсетуде; – емдеу және реабилитация шараларын жоспарлаудағы қателері елеулі.
	Қанағаттанарлықсыз: FX (0; 0 - 49%) F(0; 0 - 24%)	– тапсырманы орындай алмады; – принципті қателіктер мен сәйкессіздіктер жіберді.
Науқастарды	Өте жақсы: Бағаға сәйкес:	– амбулаториялық пациенттерді қабылдауға белсенді қатысады;

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 13 беті

амбулаторлық қабылдау	A (4,0; 95 - 100%) A- (3,67; 90 - 94%)	– медициналық құжаттаманы белсенді толтырады; – қабылдау кезінде бұйрық және клиникалық хаттамаларды белсенді пайдаланады; – күнделіктерді уақытында және дұрыс толтырады.
	Жақсы: B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	– амбулаториялық пациенттерді қабылдауға жақсы қатысады; – медициналық құжаттаманы толтырады; – бұйрықтар мен клиникалық хаттамаларды жақсы біледі; – күнделіктерді уақытында және дұрыс толтырады.
	Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	– амбулаториялық пациенттерді қабылдау кезінде белсенді қатыспайды; – медициналық құжаттаманы белсенді толтырмайды; – қабылдау кезінде бұйрықтар мен клиникалық хаттамалар туралы білімді толық пайдаланбайды; – күнделіктерді уақытында және толық толтырмайды.
	Қанағаттанарлықсыз: FX (0; 0 - 49%) F(0; 0 - 24%)	– пациенттердің амбулаториялық қабылдауларына сирек қатысады; – қабылдауларға жиі қатыспайды; – медициналық құжаттаманы толтырмайды; – клиникалық хаттамалар мен бұйрықтарды білмейді; – күнделіктерді уақтылы және дұрыс толтырмайды.
Тақырыптық науқастардың клиникалық талдауы	Өте жақсы: Бағаға сәйкес: A (4,0; 95 - 100%) A- (3,67; 90 - 94%)	Тақырыптық пациенттерді клиникалық талдауға интерн – белсенді қатысты; – ерекше ойлау қабілетін көрсетті; – материалды терең меңгергенін көрсетті және талқылау барысында басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды.
	Жақсы: B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	Тақырыптық пациенттерді клиникалық талдауға интерн – белсенді қатысты; – материалды білетінін көрсетті; – кейбір маңызды емес дәлсіздіктер немесе өздігінен түзетілген негізгі қателіктер жіберді.
	Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Тақырыптық пациенттерді клиникалық талдауға интерн – белсенді қатыспады; – дәлсіздіктер мен маңызды емес қателіктер жіберді; – материалды жүйелеп меңгеруде үлкен қиындықтар болды.
	Қанағаттанарлықсыз: FX (0; 0 - 49%) F(0; 0 - 24%)	Тақырыптық пациенттерді клиникалық талдауға интерн – қатыспады; – оқытушының сұрақтарына жауап бергенде маңызды қателіктер мен дәлсіздіктер жіберді; – жауаптарында ғылыми терминологияны қолданбады.
ОИӨЖ/ИӨЖ-ге арналған тексеру парағы.		
Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Тақырыптық презентация	Өте жақсы Бағаға сәйкес: A (4,0; 95 - 100%) A- (3,67; 90 - 94%)	– презентацияны өзі дайындаған, мерзімінде тапсырды, 20 слайдтан кем емес; – 5-тен аса әдебиет көзін қолданған; – слайдтары мазмұнды, ықшам; – қорғау барысында тақырыпты терең білетінін көрсетті; – сұрақтарға жауап бергенде, талдауда қателер жібермеді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 14 беті

	Жақсы: B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	– презентацияны өзі дайындаған, мерзімінде тапсырды, 20 слайдтан кем емес; – 5-тен аса әдебиет көзін қолданған; – слайдтары мазмұнды, ықшам; – қорғау барысында тақырыпты жақсы білетінін көрсетті. – сұрақтарға жауап бергенде, талдауда маңызды емес қателер жіберді.
	Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	– презентацияны өзі дайындаған, мерзімінде тапсырды, 20 слайдтан кем емес. – 5-тен аса әдебиет көзін қолданған. – слайдтары аса мазмұнды емес. – сұрақтарға жауап бергенде, талдауда маңызды емес қателер жіберді.
	Қанағаттанарлықсыз : FX (0; 0 - 49%) F(0; 0 - 24%)	– презентация мерзімінде тапсырмады, 20 слайдтан кем. 5-тен кем әдебиет көзін қолданған; – слайдтары мазмұнды емес; – сұрақтарға жауап бергенде, талдауда маңызды қателер жіберді, автор өзі дайындаған материалды білмейді.
Ғылыми мақалаларды талдау	Өте жақсы: Бағаға сәйкес: A (4,0; 95 - 100%) A- (3,67; 90 - 94%)	– жан-жақты білімін көрсете отырып, ғылыми мақалаларды талдауға белсенді қатысты; – жұмыстың өзектілігін, зерттеу мақсатын пән тақырыбына қатысты түсінеді; – жүргізілген зерттеулерде қолданылған зерттеулердің заманауи тәсілдері мен жабдықтарын біледі; – мақалада жүргізілген жұмыс тұжырымдары мен ұсыныстарын қолдана алады (бұйрықтар мен КХ негізінде); – мақала әдебиетінен жетекші ғалымдарды тани білуге ұмтылады, мақала жазу үлгісі мен талаптарына қызығушылығы бар.
	Жақсы: B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	Ғылыми мақалаларды талдауға белсенді қатысты: – жұмыстың өзектілігін, зерттеу мақсатын пән тақырыбына қатысты түсінеді; – жүргізілген зерттеулерде қолданылған зерттеулердің заманауи тәсілдері мен жабдықтарын біледі; – мақалада жүргізілген жұмыс тұжырымдары мен ұсыныстарын қолдана алады (бұйрықтар мен КХ негізінде); мақала әдебиетінен жетекші ғалымдарды таныған, мақала жазу үлгісі мен талаптарына қызығушылығы бар; – бірен-саран елеусіз кемшіліктері бар.
	Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Ғылыми мақалаларды талдауға қатысты: – жұмыстың өзектілігін, зерттеу мақсатын жалпылама түсінеді; – жүргізілген зерттеулерде қолданылған зерттеулердің заманауи тәсілдері мен жабдықтарының бәрін түсінбейді; – мақала жұмысының тұжырымдары мен ұсыныстарын толық түсінбейді; – мақала әдебиетіндегі жетекші ғалымдар қызықтырмайды, мақала жазуды қажет санамайды; – сөз саптауында елеулі қателер мен кемшіліктері бар.
	Қанағаттанарлықсыз :	– ғылыми мақалаларды талдауға қатыспады; – оқытушының сұрақтарына жауап бере алмайды; – принципті қателіктер мен сәйкессіздіктер бар және ғылыми

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 15 беті

	FX (0; 0 - 49%) F(0; 0 - 24%)	терминологияны қолдана алмайды.
Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Ситуациялық мәселелерді шешуді бағалау.	Өте жақсы: Бағаға сәйкес: A (4,0; 95 - 100%) A- (3,67; 90 - 94%)	– ой өрісінің биіктігін көрсете отырып, жағдайлық есептерді шешуде белсенді қатысты; – материал бойынша терең білімін көрсетті; – талқылауда басқа пәндердің ғылыми жетістерін қолданды.
	Жақсы: B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	– жағдайлық есептерді шешуде белсенді қатысты; – терең білімін көрсетті; – өзі жіберген принципіалды емес қателерін, сәйкессіздіктерін тауып, өзі жөнделді.
	Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	– жағдайлық есептерді шешуде белсенділік көрсетпеді; – материалды жүйелеуде қиындықтар болды; – сәйкессіздіктер мен принципіалды қателер жіберді.
	Қанағаттанарлықсыз: FX (0; 0 - 49%) F(0; 0 - 24%)	– жағдайлық есептерді шешуге қатыспады; – оқытушының сұрақтарына жауап бергенде принципіалды қателіктер мен сәйкессіздіктер жіберді және ғылыми терминологияны қолданбады.

Аралық бақылаудың тексеру -парағы

Тест тапсырмаларын орындалуын бағалау -білімді бағалаудың көпбалдық жүйесіне сәйкес бағаланады

Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

11. Оқу ресурстары

Электрондық ресурстар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: дерекқорлар, анимациялар, симуляторлар, кәсіби	1. Электронная библиотека ЮКМА - https://e-lib.skma.edu.kz/genres 2. Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – http://rmebrk.kz/ 3. Цифровая библиотека «Aknurpress» - https://www.aknurpress.kz/ 4. Электронная библиотека «Эпиграф» - http://www.elib.kz/
---	---

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Педиатрия – 1 кафедрасы	38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	19 беттің 16 беті

блогтар, веб- сайттар, басқа да электрондық анықтамалық материалдар (мысалы, бейне, аудио, дайджестер)	5. Эпиграф - портал мультимедийных учебников https://mbook.kz/ru/index/ 6. ЭБС IPR SMART https://www.iprbookshop.ru/auth 7. информационно-правовая система «Заң» - https://zan.kz/ru 8. Medline Ultimate EBSCO - https://research.ebsco.com/ 9. eBook Medical Collection EBSCO - https://research.ebsco.com/ 10. Scopus - https://www.scopus.com/
---	---

Электрондық оқулықтар

1. Дадамбаев, Е. Т. Амбулаторлық- емханалық педиатрия [Электронный ресурс]: оқулық /Электрон.текстовыедан.(1.85Гб).-Алматы: Эпиграф, 2016.
2. Балалар аурулары [Электронный ресурс]:оқулық/ред.бас.А.А.Баранов. - Электрон.текстовые дан. (233Мб). - М. : ГЭОТАР -Медиа,2015. -1024 б.с.
3. Запруднов, А. М. Детские болезни. Т.1 [Электронный ресурс] :учебник/ А-2-е изд.- Электрон.текстовые дан.(108Мб). -М.: ГЭОТАР-Медиа, 2013. -768 с.
4. Запруднов,А. М. Детские болезни.Т. 2[Электронный ресурс]:учебник -2-е изд.,перераб. идоп.- Электрон.текстовыедан. (0байт).-М. :ГЭОТАР -Медиа,2013. -752 с.
5. Емханалық педиатрия [Электронный ресурс]: оқулық / қаз.тіліне ауд. Т. С. Шонтасова ; ред. А. С. Калмыкова. -Электрон.текстовыедан.(40,5Мб).-М. :ГЭОТАР-Медиа,2016.
6. Кожамкулова, М. Д. Пути оптимизации хирургической помощи детям в амбулаторных условиях [Электронный ресурс] : дис. ... на соиск. акад. степени магистра мед. наук / М. Д. Кожамкулова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Шымкент : ЮКГФА, 2014. - 67 с.
7. Тажиева, А. Д. Емхана жағдайында балаларда жүректің кіші ауытқуларының анықталу жиілігі [Электронный ресурс] : мед. ғыл. магистр дис. / А. Д. Тажиева. - Электрон. текстовые дан. (742 Кб). - Шымкент : Б. ж., 2014. - 65 эл. опт. диск (CD-ROM)
8. Айдарбекова , Д. Ж. Жасөспірімдік жастағы балалардың денсаулығын нығайтудағы медициналық- әлеуметтік себептердің рөлі, профилактикалық көмекті дамыту жолдары [Электронный ресурс] : мед. ғыл. магистр дис. / Д. Ж. Айдарбекова . - Электрон. текстовые дан. (314 Кб). - Шымкент : Б. ж., 2014. - 65 бет эл. опт. диск (CD-ROM)
9. Дадамбаев Е.Т.Амбулаторно-поликлиническая педиатрия:учебник/ Е.Т. Дадамбаев— Эверо,Алматы:2020г.https://elib.kz/ru/search/read_book/731/
10. Дадамбаев Е.Т.Амбулаторно-поликлиническая педиатрия:
11. учебник/ Е.Т. Дадамбаев— Эверо, Алматы: 2020 г. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/731/
12. Педиатрия жұқпалы ауруларымен. Тәжірибелік сабақтар КойшегаринаР.С., 2019
<https://aknurpress.kz/reader/web/1436>
13. Ежова, Н. В. Педиатрия : разноуровневые задания. Неотложная помощь, инфекционные болезни. Практикум / Н. В. Ежова, А. Э. Королева. — Минск : Вышэйшая школа, 2009. — 175 с.
<https://www.iprbookshop.ru/20118.html>
14. Сукало, А. В. Справочник по поликлинической педиатрии / А. В. Сукало, И. Э. Бовбель. — Минск : Белорусская наука, 2015. — 314 с. <https://www.iprbookshop.ru/51832.html>

Әдебиет

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 17 беті

Негізгі әдебиеттер:

1. Миалл, Л. Көрнекті педиатрия оқу құралы М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 184 бет
2. Исаева, Л. А. Детские болезни. 1 том : учебник. - Алматы : Эверо, 2015.
3. Исаева, Л. А. Детские болезни. 2 том: учебник - Алматы : Эверо, 2015.
4. Емханалық педиатрия - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 752 бет.
5. Поликлиническая и неотложная педиатрия: учебник - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 896 с
6. Хабижанов, Б. Х. Педиатрия. 2 томдық. Т. 1- Алматы : Б. ж., 2012. - 594 бет
7. Хабижанов, Б. Х. Педиатрия. 2 томдық. Т. 2 Алматы : Б. ж., 2012. - 687 бет.
8. Исаева, Л. А. Балалар аурулары. Т. 1: оқулық - Алматы : Эверо, 2015
9. Исаева, Л. А. Балалар аурулары. Т. 2: оқулық - Алматы : Эверо, 2015
10. Балалар аурулары : оқулық - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 1024 бет
11. Дадамбаев, Е. Т. Амбулаторно-поликлиническая педиатрия : учебник / Е. Т. Дадамбаев. - Алматы : New book, 2022. - 344 с
12. Дадамбаев, Е. Т. Амбулаторлық-емханалық педиатрия : оқулық / Е. Т. Дадамбаев. - Алматы : New book, 2022. - 306 бет
13. Асқамбай К. Балалар аурулары. Т. 1 : оқулық / К. Асқамбай. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 416 бет.
14. Асқамбай К. Балалар аурулары. Т. 2 : оқулық / К. Асқамбай. - Алматы : ЭСПИ, 2023. - 500 бет
15. Кемельбеков, К. С. Балалар травматологиясы және ортопедиясы : оқу құралы / К. С. Кемельбеков, Н. С. Нарходжаев. - Шымкент : Әлем баспасы, 2023. - 288 бет
16. Разин М.П., Минаев С.В., Турабов И.А. и др. Детская хирургия : учебник, ГЭОТАР-Медиа, 2020
17. Разин М.П., Шешунов И.В. (под ред.) Травматология и ортопедия детского возраста, 2016

Қосымша әдебиеттер:

1. Сартаева, У. С. Балалардың денсаулығын қалпына келтіруде отбасының қатысуын медициналық-әлеуметтік тұрғыда бағалау [Мәтін] : дис. ... мед. ғыл. магистр акад. дәрежесін алу / У. С. Сартаева. - Шымкент : ОҚМФА, 2016. - 69 бет. +эл. опт. диск (CD-ROM)
2. Григорьев, К. И. Педиатрия : справочник практического врача - М. : Медпресс-информ, 2014. - 816 с.
3. Руководство участкового педиатра М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 528 с
4. Цыбулькин, Э. К. Неотложная педиатрия. Алгоритмы диагностики и лечения [Текст] : монография / Э. К. Цыбулькин. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2012. - 160 с. : ил. - (Б-ка врача-специалиста).
5. Национальное руководство. Детская хирургия. — 2-е изд., перераб. и доп. (Серия «Национальные руководства») под ред. А. Ю. Разумовского ГЭОТАР-Медиа, 2020

12. Пәннің саясаты

Интерн міндетті:

- 1) медициналық этика және деонтологияны сақтау;
- 2) субординацияны қадағалау
- 3) әріптестерімен, ұстаздарымен сабырлы, мейірімді қарым-қатынас орнату
- 4) академия аймағында темекі тартпау;
- 5) кафедрада тазалық сақтау;
- 6) оқу бөлмелерінің жихазын бүлдірмеу;
- 7) оқулықтарды күтіп ұстау;
- 8) медициналық ЖОО оқырманына тән сырт келбетін сақтау;
- 9) техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- 10) эпидемияболса топпен шараларды қолдану;


ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Педиатрия – 1 кафедрасы		38/11
«Балалар эндокринологиясы» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		19 беттің 18 беті

11) үзілістерде тыныштық пен тәртіп сақтау.

Талаптар орындалмағанда интерндерге айып шаралары қолданылады:

- 1) ИОЖ мерзімінде тапсырмағандардан (себебісіз болғанда) жұмыс қабылданбайды;
- 2) бір реттік бұзушылықтарға ескерту жасалады;
- 3) жүйелі тәртіпсіздіктерде деканатқа баянат жасалады.

13.	Академияның моральдық және этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат
13.1	ОҚМА сайты https://ukma.kz/
13.2	Академиялық саясат. https://base.ukgfa.kz/wp-content/uploads/2022/11/%D0%90%D0%BA%D0%B0%D0%B4%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F-%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0-%D0%90%D0%9E-%D0%AE%D0%9A%D0%9C%D0%90-2022.pdf Интерннің ар-намыс кодексі https://skma.edu.kz/files/IMAGES/structure/vosp_rab/%D0%A1%D1%82%D1%83%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D1%82%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B4%D1%96%D2%A3%20%D1%8D%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B%20%D0%BA%D0%BE%D0%B4%D0%B5%D0%BA%D1%81%D1%96.pdf
13.3	ПӘН БОЙЫНША БАҒА ҚОЮ САЯСАТЫ 1. Сабақтарда білімін бақылаудың бірнеше түрлері қолданылады. Журналға орта бағасы қойылады. 2. Бақылаудың қандай да бір түрінен (ағымдық бақылау, аралық бақылаулар 1 не 2) өткізу бағасын алмаған интерн (50%) пән емтиханына жіберілмейді. 3. Емтиханға жіберудің қорытынды бағасы 60%-ды құрау керек, оған ағымдық бақылаудың 40%+20% аралық бақылаулардың орта бағасы есептеледі. 4. Аралық аттестаттау екі кезеңмен жүргізіледі: тәжірибелік дағдыларды бағалау және жазбаша бақылау.

14. Келісу, бекіту және қайта қарау			
Кітапхана-ақпараттық орталығымен келісілген күні	Хаттама № <u>7</u> <u>25.06.25</u>	Дарбичева Р.И.	Қолы 
Кафедра бекітілген күні	Хаттама № <u>11</u> <u>25.06.25</u>	Кемельбеков К.С.	Қолы 
БББ АҚ мақұлданған күні	Хаттама № <u>11</u> <u>25.06.25</u>	Кемельбеков К.С.	Қолы 